

Жолтаева Айбарша Сержанқызының 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Жобалардағы білімдерді тиімді басқарудың факторларын анықтау және бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША СЫН ПІКІРІ

| P/c | Критерийлер | Критерийлерге сәйкестігі (нұсқалардың бірін белгілеу міндетті) | Ресми рецензенттің ұстанымының негізделуі |
|-----|---|--|--|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымының даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе мақсатты бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған</u> (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының» 3-міндеті «ШОБ-тың өсуі мен дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту» аясында орындалған. Нақтырақ айтсақ, зерттеу базасын таңдауға және осы жұмыстың мәселесін тұжырымдауға қазіргі уақытта Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан шағын бизнес кәсіпорындарын ШОБ-тің неғұрлым жоғары санатына трансформациялау мақсатында жандандыру міндеті әсер етті.</p> |
| 2 | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады</u> қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы <u>ашылған</u> ашылмаған. | Диссертациялық зерттеу ғылым дамуына айтарлықтай үлес қосады. Диссертация мазмұны мен нәтижелері жүргізілген зерттеулердің өзектілігі мен маңыздылығын айқындайды. Жұмыста ұйымды дамыту/трансформациялау жобасын басқару процесінде білім қалыптастыру проблемасына баса назар аударылады. Диссертациялық жұмыс |

| | | | |
|---|----------------------|--|---|
| | | | 2008 жылы «Технологиялық процесстерді компьютеризациялау және жобаларды басқару» кафедрасынан бастау алып, бүгінгі таңда оның заңды мирасқоры «Менеджмент және математикалық экономика» кафедрасында жалғасын тауып жатқан «Жобалар арқылы ұйымның дамуын басқару» Тұжырымдамасына сәйкес орындалған. |
| 3 | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. | Зерттеу нәтижелері мен диссертация тақырыбы аясында жарияланған ғылыми еңбектердің көлемі автордың өз бетінше жазу деңгейін жоғары деп бағалауға негіз бола алады. |
| 4 | Ішкі бірлік қағидаты | 4.1 Диссертация өзектілігінің негізделуі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | Зерттеу өзектілігін негіздеу үшін зерттеу нысаны – жобаның мүдделі тараптары қалыптастыратын білімді басқару процесіне қатысты жарияланған ғылыми еңбектерге терең библиометрикалық талдау жасалған. Ол үшін «Ғылым желісі» (Clarivate Analytics) мәліметтер базасы қолданылған. Іздеу нәтижесі: 1979 бен 2021 жылдар аралығында білімді қалыптастыру тақырыбы бойынша шетелдік ғылыми басылымдарда 1758 мақала жарияланғаны белгілі болған. Бұл жайт аталған тақырыптың дүниежүзілік ғылым кеңістігінде аз зерттелгенін көрсеткен. Салыстырмалы түрде аталған кезең аралығындағы менеджменттің жаңа саласы бола тұра «білім басқару» тақырыбына жарияланған мақалалар саны 370 353 дананы құрайтыны анықталған. Библиометрикалық талдау нәтижесінде зерттеу мәселесінің өзектілігі негізделген, оған ғылыми қызығушылық деңгейі анықталған, теориялық және тәжірибелік ізденісті қажет ететін мәселелер анықталып, келекшек зерттеу тенденциялары айқындалған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды. | Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен ашады. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Жұмыс мәтінінің жалпы көлемі 153 бетті құрайды, онда 32 кесте, 35 сурет, 181 дереккөз қамтылған. |

| | | | |
|--|--|---|--|
| | | <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. | <p>Диссертациялық жұмыс мақсаты мен міндеттері сауатты айқындалған және зерттеу тақырыбын толығымен ашады. Зерттеу нәтижесінде мақсатына қол жеткізіліп, барлық міндеттер шешімін тапқан.</p> |
| | | <p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері және ғылыми нәтижелері логикалық тұрғыда байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ. | <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері, ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар логикалық реттілікпен рәсімделген, толыққанды тұтас зерттеуді құрайды. Зерттеудің бірінші тарауында әлемдік ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған білімді басқаруға байланысты мәселелерді зерделеу үшін терен библиометрикалық талдау жасалды. Ең көп зерттелген - айқын білімді басқару процесі екені анықталды. Ұйымды дамыту/ трансформациялау жобасын басқару процесінде жаңа білім қалыптастыру мәселесі аз зерттелгені айқындалды. Көптеген дереккөздермен жұмыс істеу нәтижесінде бір зерттеу гипотезасы және зерттеушілік қызығушылық тудыратын бес сұрақ тұжырымдалды.</p> <p>Екінші тарауда әрбір тұжырымдалған зерттеу сұрағы бойынша сенімді бастапқы деректерді алу және оларды әрі қарай өңдеу әдістемесі нақты анықталған.</p> <p>Үшінші тарауда алынған нәтижелерге сүйене отырып, «жобалар арқылы дамуды басқару» тұжырымдамасы аясында әзірленген Insight-DNA технологиясы негізінде білім қалыптастырудың ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптар даярланды.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдерден салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) жартылай талданған; 3) талдау өз пікіріне | <p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған жаңа шешімдер (қағидаттар мен әдістер) өзге де белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни талдау жүргізу арқылы жеткілікті дәлелденген.</p> |

| | | | |
|---|----------------------------|--|---|
| | | емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. | |
| 5 | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен шешімдер жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% жаңа болып табылады). | Зерттеудің ғылыми жаңалығы – диссертациялық жұмыста ұйымның дамуын басқару алғаш рет топ-менеджерлер тобы жүзеге асыратын үздіксіз зерттеу процесі ретінде қарастырылады, оның құрамына бірінші басшы кіреді. Аталған контекстте мәселе алғаш рет қарастырылып отыр. Басқарудың тиімділігін бағалау үшін Insight - DNA отандық технологиясына негізделген шешім қабылдау процесінде жеке тұлғалардың, адамдар тобының мінез-құлқын эмпирикалық зерттеуге және сипаттауға негізделген бағалаудың сипаттамалық зерттеу әдістері қолданылады. Ұйым басшысының дамуын бағалау үшін негізгі страталар ретінде «жұмыс», «тұрмыс», «денсаулық», «бос уақыт» және «өзін-өзі дамыту» метрикалары пайдаланылады. Білімді басқару теориясында жаңа категориялар мен жіктеулер және білімнің өсуін өлшеу критерийлері ұсынылды. |
| | | 5.2 Диссертация қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% жаңа болып табылады). | Диссертациялық зерттеу барысында қол жеткен қорытындылар нақты, толығымен жаңа, теориялық және тәжірибелік маңызға ие болып табылады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% жаңа болып табылады). | Диссертациялық зерттеуде ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа, жеткілікті негізделген. Соның ішінде, автор ұсынған ұйым білімінің өсімін есептеу критерийлері бірегей, ғылыми тұрғыда жаңашыл жетістік деп бағалауға тұрарлық. |

| | | | |
|---|--|---|---|
| 6 | Негізгі қорытындылар негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен <u>негізделген</u> негізделмеген | Диссертациялық жұмыста қарастырылған қорытындылар мен ұсынымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдермен жеткілікті негізделген. |
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жок</u>.</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p> <p>7.4 Қолдану аясы:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p> | <p>Диссертациялық жұмыста алты ғылыми тұжырым айқындалған:</p> <p>1. Ұйымның ағымдағы қызметі процесінде білім қалыптастыру жүйесінің болмауы оның даму жобаларын жүзеге асыруға айтарлықтай кедергі болып табылатыны дәлелденді;</p> <p>2. Ұйымның ағымдағы іс-әрекеті процесінде басқару субъектілерінің жеке білімін қалыптастыруға әсер ететін 5 фактор анықталды:</p> <p>1) елдегі жобалық басқарудың ұйымдық мәдениетінің деңгейі;</p> <p>2) ұйымның дамуын басқару процесіне СЕО-ның қатысуы;</p> <p>3) Жобаларды басқару кеңсесінің (РМО) болуы;</p> <p>4) білімді қалыптастыру жүйесінің болуы (<i>ол ұйымның дамуын басқару барысында қалыптасқан жеке, командалық, корпоративтік және желілік білімді тіркеу процесін реттеуі керек</i>);</p> <p>5) ынталандыру жүйесінің бар болуы (<i>жеке, командалық, корпоративтік және желілік білімді қалыптастыру жүйесіне тіркеуге</i>).</p> <p>3. Басқару субъектілерінің білім деңгейлерінің авторлық жіктемесі және білімді басқару теориясының ұғымдық-терминологиялық аппарат құрылды;</p> <p>4. Ұйымдар білімінің өсуін өлшеудің авторлық критерийлер жиынтығы ұсынылды;</p> <p>5. Басқару субъектісінің жасырын білімін топтық және корпоративтік білімге айналдыру негізінде білім қалыптастыру процесінің моделі құрылды;</p> <p>6. «Жобалар арқылы дамуды басқару» тұжырымдамасы аясында әзірленген Insight-DNA технологиясы негізінде білімді қалыптастырудың ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптар айқындалды.</p> |

| | | | |
|---|---|--|---|
| | | | <p>Олар:</p> <p>7.1. дәлелденген;</p> <p>7.2. тривиалды емес;</p> <p>7.3. толығымен жаңа;</p> <p>7.4. қолдану аясы кең;</p> <p>7.5. мақалаларда дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында Scopus деректер базасына енетін халықаралық ғылыми журналда - 1 мақала; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланған басылымдарда - 3 мақала, халықаралық және республикалық конференцияларда - 7 мақала жарияланған.</p> |
| 8 | Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама толық сипатталған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> | <p>Ұсынылған гипотезаны дәлелдеу және зерттеу сұрақтарының шешімін анықтау мақсатында екі кезеңнен тұратын зерттеу жүргізу схемасы құрастырылған. Зерттеу барысында библиометриялық талдау, кілт сөздерді талдау, жалпылау, салыстыру, талдау, синтез, жіктеу, миға шабуыл, Пирсон өлшемі χ^2, сараптамалық бағалау, факторлық талдау, терең сұхбат жүргізу, негізгі компонент әдісі, сауалнама жүргізу, «Варимакс» айналдыру әдісі сияқты ғылыми әдістер қолданылды. Әдістемені таңдау негізделген және толығымен сипатталған.</p> |
| | | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайлана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайлана отырып алынған. Талдауларды жүргізу кезінде автордың заманауи әдістерді және компьютерлік бағдарламаларды қолдануы алынған нәтижелердің сенімді екенін растайды.</p> |
| | | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар</p> | <p>Диссертациялық жұмыстағы қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер негізінде дәлелденіп, расталған.</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|---|---|
| | | эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: 1) <u>ия</u> ; 2) жок. | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған: 1) <u>ия</u> ; 2) ішінара расталмаған 3) расталмаған. | Диссертациялық зерттеуде маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми дереккөздерге сілтемелермен расталған. Дереккөздерге сілтемелер дұрыс қойылған, олардың ішінде соңғы жылдары жарық көрген жаңа жарияланымдардың саны басым. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті\ жеткіліксіз | Диссертациялық зерттеу жүргізу үшін 181 әдебиет көзі пайдаланылған, бұл толыққанды әдеби шолу жасауға жеткілікті көлем. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жок. | Зерттеу нәтижелері келешекте жаңа отандық ғылыми бағыт ретінде рәсімделуге лайық. ШОБ ұйымдарын трансформациялау жобаларында білімді басқарудың отандық жүйесін қалыптастыруға арналған теориялық платформа әзірленген. Зерттеу материалдарын ЖОО білім беру бағдарламалары барысында қолдануға болады. |
| | | 9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жок. | Зерттеу нәтижелері операциялық қызметті, жобаларды, бағдарламалар мен портфельдерді неғұрлым тиімді басқаруға ықпал ететін факторлар ретінде ШОБ дамыту үшін қолданыла алады. Жаңа білімді қалыптастыру және қолда бар білімді іздеу нәтижесінде ұйымда мәтіндік өнімдерді жедел әзірлеу мүмкіндігін тудырады. Зерттеу нәтижелері белгілі консалтингтік компания қызметіне енгізілген. Енгізу актісі бар. |
| | | 9.3 Тәжірибелік ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% жаңа болып | Диссертациялық жұмыста қарастырылған тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. |

| | | | |
|----|---------------------------|--|--|
| | | табылады). | |
| 10 | Жазу және рәсімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Диссертациялық жұмыс ғылыми сауатты тілде жазылған, зерттеу нәтижелері жақсы кескінделген, бұл академиялық жазудың сапасын жоғары деп бағалауға мүмкіндік береді. Жұмыста келесі кемшіліктер кездеседі: 1. Диссертациялық жұмыста білімді басқарудың әдіснамалық негіздерін қарастыру барысында өзге де шетелдік әдістемелерді салыстырмалы талдау орынды болар еді. 2. Респонденттер қай аймақ немесе сала өкілдері, қандай компаниялардан екенін ашып көрсетілмеген, сондай-ақ сауалнамаға қатысушылар санын арттыру жөн болар еді. 3. Диссертациялық жұмыстың мәтінінде техникалық және стилистикалық қателіктер бар. Алайда, аталған ескертулер алынған нәтижелердің теориялық және тәжірибелік маңыздылығын төмендетпейді. |

Жолтаева Айбарша Сержанқызының «Жобалардағы білімдерді тиімді басқарудың факторларын анықтау және бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін белгіленген талаптарға өзектілігі, ғылыми жаңашылдығы, нәтижелердің тәжірибелік құндылығы, ғылыми деңгейі және орындалған зерттеу көлемі бойынша сәйкес орындалған. Бұл авторды күрделі ғылыми міндеттерді айқындап және шешуге қабілетті, қалыптасқан зерттеуші ретінде сипаттауға негіз болады.

Жолтаева Айбарша Сержанқызының «Жобалардағы білімдерді тиімді басқарудың факторларын анықтау және бағалау» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
Қазақстан-Британ техникалық
Университетінің Бизнес Мектебі
профессор-көмекшісі, PhD докторы



Подпись А.К. Кожаметова

А.К. Кожаметова

Департамент
по развитию персонала